



№ БҰЙРЫҚ
Астана қаласы

№ ПРИКАЗ
1454 от 10.12.2025
город Астана

№ ORDER
Astana city

**2026 жылға арналған тұрақты
қадағалау жөніндегі бағдарламаны
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңының 16-2-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі «Авиациялық қауіпсіздікті сақтау сапасын бақылауды жүргізу қағидалары» қаулысына, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы ұшу қауіпсіздігі бағдарламасын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген отырған 2026 жылға арналған Тұрақты қадағалау бағдарламасы бекітілсін.
2. «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары сертификаттық зерттеп-қарау мен ішінара тексерулер жүргізу кезінде жоғарыда аталған бағдарламаны басшылыққа алып, оның іске асырылу мерзімін қамтамасыз етсін.
3. Нәтижелерді «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес сертификаттық зерттеп – қараудың және ішінара тексерулердің қорытынды құжаттары ретінде ресімделсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ ресми сайтында танысуға және жариялануға тиіс.

**Бас атқарушы директор –
Басқарма төрағасының м. а.**



А. Сатжанов

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АВИАЦИЯЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**

Бұйрықпен бекітілген
Бас атқарушы директор –
Басқарма төрағасы
«Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ
2025 жылғы 10 желтоқсан № 1454

**2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТҰРАҚТЫ ҚАДАҒАЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
БАҒДАРЛАМА**

АСТАНА 2025 ЖЫЛ

Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы

№ Өзгерістер/толықтырулар	Күні		Енгізілді
	Енгізу	Жариялау	
0	08.12.2025ж.	10.12.2025ж.	Бірінші басылым

Мазмұны (жарамды беттер)

Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	3
1. Қысқартулар мен анықтамалар, шартты белгілер	5
2. Жалпы ережелер	6
3. 2026 жылғы арналған тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаның мақсаттары	9
4. Ұшу қауіпсіздік және авиациялық қауыпсіздікті қамтамасыз етуді тұрақты қадағалау	10
4.1 Азаматтық авиацияны пайдаланушылар мен ұйымдардың тәуекел дәрежесін бағалауды ескере отырып тексерулерді жоспарлау	13
5. Азаматтық әуе кемелерін жаңа пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымдарының қызметін қадағалау	14
6 Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының қызметіндегі өзгерістер кезінде ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауыпсіздіктің қадағалау	16
7 Бағдарламаға өзгерістер енгізу тәртібі	16
8 Бағдарламаның орындалу мониторингі	16
1 Қосымша	17
2 Қосымша	21
3 Қосымша	26
4 Қосымша	30
5 Қосымша	33
6 Қосымша	35
7 Қосымша	36

1. Қысқартулар мен анықтамалар, шартты белгілер

ВП	Ішінара тексеру
ВПОТ	Жедел нүктелерді ішінара тексеру
ЖБ	Жаттығу құрылғысын бағалау
СО	Сертификаттық зерттеп-қарау
СО РОД	Сертификаттық зерттеп-қараудың қолданылу саласын кеңейту бойынша
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҰҚБЖ	Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі
ТО	Тестілеу ұйымы
ОТ	Жаттықтырғышты бағалау

2. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының пайдаланушылары мен ұйымдарының ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке тұрақты бақылау жүргізу бағдарламасы 2026 жылға арналған (бұдан әрі – Бағдарлама) «Қазақстан авиациялық әкімшілігі» АҚ (бұдан әрі – Авиациялық әкімшілік) тарапынан 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңының 16-2-бабына және 105-бабының 4-1-тармағына сәйкес, сондай-ақ ИКАО-ның халықаралық стандарттары мен ұсынымдарына (Қосымша 19, 17 және 8335, 9734, 9735, 8973 нұсқаулықтары) сәйкес әзірленді.

Бағдарлама жыл сайын қабылданады және сертификат иелерінің (пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының) сертификаттау талаптарына сәйкестігін сақтау мақсатында Авиациялық әкімшілік жүргізетін тексерулер кешенін көздейді.

2. Пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметіне тұрақты бақылау жүргізу сертификаттау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Авиациялық әкімшіліктің азаматтарға қауіпсіз және сенімді әуе көлігін ұсыну, азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ авиациялық қауіпсіздік нормаларының, ережелерінің және рәсімдерінің тиімділігін сақтау және бағалау жөніндегі жауапкершілігінің маңызды элементі болып саналады.

3. Қажетті бақылау шаралары және онымен байланысты іріктемелі тексерулер Авиациялық әкімшіліктің авиациялық инспекторлары тарапынан осы Бағдарламаның Қосымшаларында (Қосымшалар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7) көрсетілген пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарына сәйкес жүргізіледі.

4. Осындай бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті авиациялық инспекторлар тиісті куәліктерге ие болуы тиіс, онда олардың Авиациялық әкімшілікте авиациялық инспектор ретінде жұмыс істейтіні және тексеру жүргізу туралы бұйрық көрсетіледі.

Тексеруді бастау сәті – тексерілетін тұлғаға тексеру жүргізу туралы бұйрықтың көшірмесін табыстау уақыты болып есептеледі.

5. Пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке қатысты қызметіне бақылау үздіксіз негізде жүргізіледі және сертификаттың немесе куәліктің жарамдылық мерзіміне қарамастан жүзеге асырылады. Бұл бақылау азаматтық авиация әуе кемелеріне, олардың меншік нысаны мен мемлекеттік тиесілігіне қарамастан, сондай-ақ ішкі және халықаралық рейстерді орындайтын әуе кемелеріне қолданылады.

6. Бақылау шаралары қамтитын бағыттар мыналарды қамтиды:

- 1) пайдаланушы мен азаматтық авиация ұйымының ұйымдық құрылымы, басшылық, құқықтық қамтамасыз ету және қаржылық-экономикалық жағдайы;
- 2) әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметтің тиімділігі және құралдар мен жабдықтарды бақылау;
- 3) пайдаланушы мен азаматтық авиация ұйымының өндірістік (операциялық) қызметі;
- 4) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 5) авиациялық персоналдың біліктілігін тиісті деңгейде ұстап тұру шаралары;
- 6) жолаушылар мен жүктің қауіпсіз тасымалдануы ережелері;
- 7) қауіпті жүктерді тасымалдау рәсімдері;
- 8) авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелері;
- 9) әуе кемелері мен авиациялық техниканы пайдалану жөніндегі құжаттаманы, сондай-ақ персонал және оның даярлығы жөніндегі құжаттаманы жүргізу;
- 10) ұшу қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету;
- 11) авиациялық қызмет көрсету сапасын басқару жүйелерінің тиімділігі.

Сонымен қатар, адам факторы, авиациялық техника, қоршаған орта сияқты тәуекел факторлары, сондай-ақ пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдарында болған авиациялық оқиғалардың жиілігі мен ауырлығы және авиациялық оқиғалардың алдын алу мен тәуекел факторларын азайту бойынша қабылданған түзету және алдын алу шаралары да ескеріледі.

7. Бақылау шаралары аясында Авиациялық әкімшіліктің авиациялық инспекторлары кеңселерде, өкілдіктерде, аэродромда (немесе вертодромда), перронда және әуе маршруттарында іріктемелі тексерулер жүргізеді, бұл ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік саласындағы барлық маңызды аспектілерді қамтуды қамтамасыз етеді.

8. Іріктемелі тексерулер тәуекел факторларын бағалау нәтижелері негізінде жоспарланады, осылайша ең жоғары тәуекелі бар пайдалану аспектілері басқа аспектілерге қарағанда жиірек тексеріледі. Тексеру жоспарларын дайындау кезінде Авиациялық әкімшіліктің авиациялық инспекторлары тиісті пайдаланушының және (немесе) азаматтық авиация ұйымының Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (ҰҚБЖ) шеңберінде жүргізілген және жаңартылған қауіптерді анықтау мен тәуекелдерді бағалау нәтижелерін ескереді.

9. Бағдарлама Авиациялық әкімшіліктің авиациялық инспекторлары жүргізетін ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке бақылау шаралары нәтижесінде анықталған қажеттілік туындаған жағдайда, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырады.

Бағдарлама сондай-ақ пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының жоспарланған сертификаттық тексерулерінің күндерін қамтиды. Бағдарламада көрсетілген сертификаттық тексеру күндері пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарын осындай тексерулер өткізу туралы өтінім беруге міндеттемейді.

10. Авиациялық әкімшілік авиациялық инспекторлар тарапынан пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдарына қандай тексерулер және қашан жүргізілетінін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде анықтайды.

10-1. Пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарын тексеру осы Бағдарламаға сәйкес, Авиациялық әкімшіліктің жауапты құрылымдық бөлімшелерімен тексерулердің реттілігін, мерзімдерін және көлемдерін қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады.

10-2. Жаңа азаматтық әуе кемелері пайдаланушысының немесе азаматтық авиация ұйымының қызметіне бақылау жүргізу тәртібі, сондай-ақ пайдаланушы немесе азаматтық авиация ұйымы қызметіндегі өзгерістер кезіндегі ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке бақылау жүргізу тәртібі осы Бағдарламаның 5-тарауында баяндалған.

3. 2026 жылғы арналған тұрақты қадағалауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаның мақсаттары

11. Бағдарламаның мақсаты мыналар болып табылады:

- 1) пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдары тарапынан Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасында, сондай-ақ сертификаттау талаптарында көзделген талаптардың бұзылуы мен сәйкессіздіктерін анықтау;
- 2) пайдаланушының және (немесе) азаматтық авиация ұйымының ұшу қауіпсіздігіне қатысты барлық қызмет түрлерін қамту;
- 3) тұрақты бақылау нәтижесінде анықталған проблемалар бар салаларға назарды шоғырландыру;
- 4) пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдарының ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесіне (ҰҚБЖ) әсер ететін қаржылық-экономикалық жағдай мен құқықтық факторларды бағалау;
- 5) пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдары жүргізген тәуекелдерді бағалау нәтижелерін ескеру;
- 6) өткізілген тексерулердің нәтижелерін есепке алу;
- 7) алдыңғы тексерулер мен басқа да бақылау және қадағалау нысандары барысында анықталған сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету іс-қимылдарының орындалуын бақылау;
- 8) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның қосымшаларында көзделген стандарттар мен ұсынымды практикасын іске асыру.

4. Ұшу қауіпсіздік және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді тұрақты қадағалау

12. Авиациялық әкімшіліктің авиациялық инспекторлары жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметіне тұрақты бақылау жүргізеді. Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке тұрақты бақылау **сертификатталған пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдарына** қолданылады.

13. Авиациялық әкімшіліктің авиациялық инспекторлары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында, белгіленген тәртіппен бекітілген нұсқаулық материалдарды пайдалана отырып, тексерулер жүргізеді.

13-1. Осы Бағдарлама **объективтілік, қажеттілік және жеткіліктілік қағидаттарына** негізделіп әзірленді және азаматтық авиацияның Ұшу қауіпсіздігі бағдарламасын іске асыру мақсатында жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауына бағытталған.

14. Тұрақты бақылау пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдарына тексерулер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Операциялық пункттердің іріктемелі тексеруі (ОПТ) авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушылар мен жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінде ұшуларды жүзеге асыратын жалпы авиацияға тұрақты бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа, сондай-ақ авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушыларды сертификаттау рәсімдері жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

15. Қадағалау қызметін жүзеге асыру кезінде авиациялық инспекторлар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
2) тексеру немесе өзге де бақылау нысандары кезінде азаматтық авиация ұйымдарының белгіленген жұмыс тәртібіне кедергі келтірмеуге;

3) авиациялық персоналдың куәліктерін, борттық және ұшу құжаттарын, сертификаттар мен рұқсаттарды, сондай-ақ Заңда көзделген басқа да құжаттардың бар болуын, сонымен бірге азаматтық әуе кемелерінің, оның ішінде шетелдік әуе кемелерінің, Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы талаптарына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына сәйкестігін тексеруге;

4) тексерулерді Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізуге;

5) тексеру нәтижелері бойынша екі дана актіні ресімдеуге;

6) бақылау мен қадағалау нәтижесінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнама талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда жеке немесе заңды тұлғаларға бұзушылықтарды жою туралы инспекторлық нұсқама беруге; егер бұзушылықтар ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікке қатер төндірсе, әуе кемесінің немесе белгілі бір қызмет түрінің пайдаланылуын тоқтату туралы нұсқама беруге;

7) алдыңғы бақылау нәтижелеріне және пайдаланушылар мен (немесе) азаматтық авиация ұйымдарының ұшу және авиациялық қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберіндегі басымдықтарға сүйенуге;

8) тексерілген жеке және заңды тұлғаларға олардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік қызметіне бақылау нәтижелері туралы тиісті құжаттарды беруге;

9) тексеру актісінің бір данасын және оның қосымшаларының көшірмелерін (тексерілетін тұлғада түпнұсқасы бар құжаттардан басқа) пайдаланушыға және (немесе) азаматтық авиация ұйымына немесе олардың уәкілетті өкіліне танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін табыстауға;

10) анықталған бұзушылықтарды жою үшін түзету шараларын қабылдауды талап етуге;

11) өтініш берушінің түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынуын және (немесе) оның орындалуын белгіленген мерзімде бақылауды тексерулер немесе өзге бақылау нысандары арқылы жүзеге асыруға;

12) Авиациялық әкімшілікке заң бұзушылықтардың бар-жоғы туралы ақпарат беруге және бұл ретте Заңның 16-3-бабына сәйкес шаралар қабылдауға.

16. Авиациялық инспекторлар тұрақты бақылау функцияларын орындау үшін деректерді, соның ішінде пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының қаржылық-экономикалық жағдайын бағалау үшін деректерді жинайды және өңдейді, бұл жоспардан тыс тексерулер жүргізу туралы шешім қабылдау үшін негіз болады.

17. Қазақстан Республикасының шегінде немесе одан тыс азаматтық авиация саласында **Авиациялық әкімшілік** берген сертификаттар мен куәліктер негізінде авиациялық жұмыстарды орындайтын жеке және заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыру кезінде сертификаттау талаптарының тұрақты сақталуын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуға және авиациялық инспекторларға олардың қарауындағы нысандар мен аймақтарда орналасқан ақпаратқа, құжаттарға, бұйымдарға, бөлшектер мен жабдықтарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

18. Өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде авиациялық инспекторлар құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының әуежайларындағы барлық бақыланатын аймақтарға, әуе кемелеріне және азаматтық авиация ұйымдарының нысандарына, оның ішінде ангарларға, жанармай қоймаларына, пайдаланушылардың қызметтік ұй-жайларына және авиациялық оқу орталықтарына кедергісіз кіруге;
- 2) пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарынан ақпарат пен құжаттарды, соның ішінде авиациялық персоналдың біліктілігі туралы мәліметтерді сұратуға, түсініктемелер мен қажетті материалдарды белгіленген мерзімде ұсынуды талап етуге, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік саласындағы ықтимал кемшіліктерді анықтау мақсатында авиациялық персоналды сұхбаттан өткізуге;
- 3) пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды тұлғаларына ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша **инспекторлық нұсқамалар** беруге және олардың орындалу мерзімдерін белгілеуге;
- 4) пайдаланушымен келісу арқылы азаматтық әуе кемесінің бортына ұшу кезінде кіруге және әуе кемесінің кабинасында немесе салонында болуға.

4.1 Азаматтық авиацияны пайдаланушылар мен ұйымдардың тәуекел дәрежесін бағалауды ескере отырып тексерулерді жоспарлау

19. Жыл сайынғы іріктемелі тексерулерді жоспарлау тәуекел деңгейін бағалауды ескере отырып, Авиациялық әкімшіліктің құрылымдық бөлімшелерімен жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды:

- тексерулердің жиілігін (қадағалау жылы аясында пайдаланушыны және азаматтық авиация ұйымын таңдау);
- тексерудің көлемін (тексеру салаларын таңдау және тексеру парақтарындағы сұрақтарды іріктеу).

Тексерулерді жоспарлау кезінде ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік тәуекелдерінің деңгейі, сондай-ақ авиациялық қызметтер көрсету кезінде туындайтын сапа тәуекелдері ескеріледі. Сонымен қатар, пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарының қаржылық-экономикалық жағдайы және алдыңғы тексерулердің нәтижелері есепке алынады.

Жыл сайынғы іріктемелі тексерулердің жоспары осы Бағдарламаға және Авиациялық әкімшіліктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің нұсқаулық материалдарына сәйкес, теңдік, бейтараптық және қажеттілік қағидаттарын ескере отырып жасалады.

Іріктемелі тексерулер алдын ала хабарлаумен немесе хабарламай жүргізіледі.

Іріктемелі тексерулерді жүргізу жоспарлары осы Бағдарламаға қосымша түрінде бекітіледі, эксплуатанттар мен азаматтық авиация ұйымдары алдын ала хабарланбайтын тексерулерден басқа жағдайларды қоспағанда.

Алдын ала хабарлау арқылы жүргізілетін іріктемелі тексерулердің жоспарлары Авиациялық әкімшіліктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады, бұл пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарына алдағы тексерулерге дайындалуға және өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарына алдағы тексеру күндері туралы алдын ала хабар беріледі.

Хабарланбай жүргізілетін іріктемелі тексерулердің жоспарлары Авиациялық әкімшіліктің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі, олар Авиациялық әкімшіліктің ресми интернет-ресурсында жарияланбайды және тексерілетін тұлғаларды қоса алғанда, үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Бұл жағдайда пайдаланушылар мен азаматтық авиация ұйымдарын тексеру алдын ала хабарламай жүргізіледі.

Бағдарламаны Басқару жүйесі және норма жасау департаменті әзірлейді және ол Авиациялық әкімшіліктің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға тарапынан 15 желтоқсанның кешіктірілмей бекітіледі.

5. Азаматтық әуе кемелерін жаңа пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымдарының қызметін қадағалау

20. Жаңа пайдаланушы және (немесе) азаматтық авиация ұйымы жұмысын бастаған алғашқы жылы авиациялық инспекторлар кез келген стандартқа сай келмейтін рәсімдерге, жеткіліксіз құрал-жабдықтарға немесе пайдаланушы мен (немесе) ұйым басшылығы тарапынан жұмысты тиімсіз бақылау белгілеріне ерекше назар аударады. Пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымының қаржылық-экономикалық жағдайының айтарлықтай нашарлағанын көрсететін кез келген белгілер, сондай-ақ құқықтық сипаттағы аспектілер мұқият зерттеледі. Мұндай белгілерге мыналар жатады:

- 1) жұмыстан босатулардың айтарлықтай көп болуы немесе кадрлардың жиі ауысуы;
- 2) жалақы төлеудің кешіктірілуі;
- 3) қауіпсіз пайдаланудың стандарттарының төмендеуі;
- 4) персоналды даярлау талаптарының әлсіреуі;
- 5) жеткізушілер тарапынан несие беру тоқтатылуы;
- 6) әуе кемелерінің техникалық қызмет көрсетудің сапасыздығы;
- 7) материалдар мен қосалқы бөлшектердің жетіспеушілігі;
- 8) коммерциялық рейстердің жиілігін шектеу немесе азайту;
- 9) әуе кемелерін немесе басқа да негізгі жабдықтарды кредиторларға сату немесе беру.

21. Егер пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымының қаржылық-экономикалық жағдайының қанағаттанарлықсыз екені анықталса, авиациялық инспекторлар қадағалау қарқындылығын арттырып, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік стандарттарының сақталуына ерекше назар аударады. Сондай-ақ, авиациялық инспекторлар мұндай ақпаратты тиісті шаралар қабылдау үшін, мысалы, қаржылық-экономикалық талдау жүргізу мақсатында Авиациялық әкімшіліктің басшылығына жеткізуі тиіс.

22. Қадағалау процесінде авиациялық инспекторлар пайдаланушының әуе кемелерін жалға алу шарттары мен персоналды даярлау, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі жасасқан шарттарының ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік стандарттарын сақтау тұрғысынан қанағаттанарлық нәтиже беретіндігіне көз жеткізуі тиіс.

23. Пайдаланушының және (немесе) азаматтық авиация ұйымының персоналды даярлау бағдарламасы қадағалау шеңберінде мұқият қаралады, оның бастапқы мақұлдау кезінде көрсетілген даярлау стандарттарына сәйкестігіне баға беріледі. Егер даярлау қажетті нәтижелерге жеткізбейтіні немесе тексерулер мен емтихандарда қанағаттанарлықсыз бағалардың көптігі

туралы ақпарат болса, авиациялық инспекторлар пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымынан тыңдаушылардың қажетті біліктілік деңгейіне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін бағдарламаны қайта қарауды талап етеді.

24. Қадағалау процесінде авиациялық инспекторлар мыналарға көз жеткізуі тиіс:

1) пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымы операциялық процестерді тиісті тәжірибеге, операциялық сипаттамаларға және қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес орындап отырғанына;

2) пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымы ұшу операцияларын жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа және техникалық қызмет көрсетуді реттеу жөніндегі басшылықтарға тиісті түзетулер енгізіп отырғанына;

3) пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымы өзінің ағымдағы операциялық тәжірибесінің жеткіліктілігі және белгіленген талаптарды сақтау туралы Авиациялық әкімшілікті үнемі хабардар етіп отырғанына;

4) пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымының өз қызметін қолданыстағы операциялық сипаттамаларға сәйкес жалғастыру қабілетіне. Егер сәйкес келмеушілік анықталса, қосымша операциялық шектеулер енгізіледі немесе сертификаттың (куәліктің) күші уақытша тоқтатылады.

25. Қадағалаудың барлық кезеңдерінде пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымының персоналының байқалған қабілеттілік және біліктілік деңгейі сертификаттау кезінде талап етілген деңгейден кем болмауы немесе одан жоғары болуы тиіс.

26. Авиациялық әкімшіліктің қадағалау бағдарламасын және оған байланысты тексерулерді жүзеге асыратын авиациялық инспекторлар өз міндеттерін адал орындап, пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымынан өндірістік қызметтің операциялық сипаттамаларға, нұсқаулықтарға және нормативтік құжаттарға сәйкестігін нақты дәлелдеуді талап етуі тиіс.

27. Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қадағалау бағдарламасы пайдаланушының біліктілігіне жан-жақты және сенімді баға беруді қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, жүргізілген тексерулер туралы есептер Авиациялық әкімшілікте қолданылатын ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік жөніндегі бақылау жүйелері мен рәсімдерінің тиімділігін бағалауы қажет, бұл пайдаланушының белгіленген талаптарға сәйкестігін және оның кәсіби біліктілігін айқындауға мүмкіндік береді.

28. Бағдарламаға заңды негізсіз тексерулер енгізуге жол берілмейді.

6 Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушының немесе азаматтық авиация ұйымының қызметіндегі өзгерістер кезінде ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауыпсіздіктің қадағалау

29. Егер пайдаланушы және (немесе) азаматтық авиация ұйымы бұрын пайдаланылмаған басқа типтегі әуе кемелерін, жабдықтарды, жүйелерді сатып алса немесе жаңа қызмет түрлерін орындауға рұқсат алса, Авиациялық әкімшілік өтініш пен қажетті құжаттарды алған сәттен бастап белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен пайдаланушы мен (немесе) азаматтық авиация ұйымына қатысты енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты жоспардан тыс тексеру немесе сертификаттау тексеруін жүргізеді.

30. Пайдаланушы сертификатына немесе авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәлікке жаңа әуе кемесі типін, жабдықты, жүйені немесе қызмет түрін енгізу мақсатында сертификаттау тексеруі немесе жоспардан тыс тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестікті бағалау үшін авиациялық инспекторлармен жүргізіледі және бұл тексерулер нұсқаулық материалдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

7 Бағдарламаға өзгерістер енгізу тәртібі

31. Бағдарламаға өзгерістер Авиациялық әкімшіліктің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша, Басқару жүйесі және нормашығармашылық департаментімен енгізіледі. Өзгерістер енгізу туралы дәлелді негіздеме Авиациялық әкімшіліктің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның атына ұсынылады және ол келесі айдың 10-нан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Енгізілген өзгерістер туралы ақпарат өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына енгізіледі.

8 Бағдарламаның орындалу мониторингі

32. Авиациялық әкімшіліктің Басқару жүйесі және норма жасау департаменті құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп Бағдарламаның уақтылы және сапалы орындалуына мониторинг жүргізеді, оның нәтижелері азаматтық авиация пайдаланушылары мен ұйымдарының ұшу қауіпсіздігінің жағдайын және авиациялық қызметтер көрсету сапасын талдау кезінде ескеріледі.

1 Қосымша

Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың сертификаттық тексерулер мен іріктеп тексерулер жүргізу жоспары

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
Коммерциялық авиатасымалдарды орындайтын пайдаланушылар														
1.	АО «Air Astana»	Алматы					ВП							СО
2.	АО «FlyArystan»	Алматы		СО										
3.	АО АК «SCAT»	Шымкент										СО		
4.	АО «KAZ AIR JET»	Алматы Өскемен	ВП											
5.	ТОО «АК «Comlux-KZ»	Алматы				ВП								
6.	АО «QAZAQ AIR»	Астана					ВП							
7.	ТОО «Fly Jet.kz»	Алматы			ВП									
8.	АО «Prime Aviation»	Алматы			ВП									
9.	АО «Авиакомпания Жезказған-Эйр»	Жезказған				ВП								
10.	АО «АК «Южное небо»	Шымкент									СО			
11.	АО АК «Евро-Азия Эйр»	Атырау		ВП										
12.	АО «East Wing»	Алматы			СО									
13.	ТОО «DALA AIR»	Алматы		СО										
14.	ТОО «Alpha Sky»	Шымкент								ВП				
15.	РГП «Беркут»	Астана							ВП					
16.	ТОО «Alaman Air»	Алматы	СО											ВП
17.	АО «Бурундайавиа»	Алматы	СО											ВП
18.	ТОО «Altair Airlines»	Қарағанды											ВП	
19.	ТОО «Tamga Jet»	Алматы						ВП						
20.	ТОО «ART-Line Wings» АОН	Алматы							ВП					
21.	ТОО «VEGA JET» АОН	Алматы						ВП						
22.	АО «Air Tengri»	Атырау											ВП	
23.	ТОО «Sky Net Airlines»	Алматы	СО											

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
24.	TOO «Central Asia Airways»	Алматы	CO											
25.	TOO «Sun Air»	Қарағанды		CO										
26.	АО «KTZ Air Cargo»	Алматы		CO										
27.	TOO «Cerium Air» (Сериум Эйр)	Алматы			CO									
Авиациялық жұмыстарды орындайтын пайдаланушылар														
1.	TOO «Дельта-С»	Қостанай					ВП		ВПОТ		ВП			
2.	TOO «АК «Тянь Шань»	Алматы				ВП				ВПОТ				ВП
3.	TOO «КазАвиация»	Алматы			ВП				ВПОТ					
4.	ОЮЛ «ЭЛИСА»	Петропавловск			ВП			ВПОТ						
5.	TOO «Агро-СЛА»	Алматы			ВП			ВПОТ						
6.	TOO «PoliaRis»	Алматы				ВП			ВПОТ					
7.	TOO «AVIASILA»	Алматы				ВП			ВПОТ				ВП	
8.	TOO «Дельта эйр»	Алматы			ВП			ВПОТ						
9.	АО «Prime Aviation»	Атырау									CO			
10.	TOO «DALA AIR»	Алматы		ВПОТ			ВП				ВПОТ			ВП
11.	TOO «ДЕЛЬТА-ЮГ»	Шымкент			ВП			ВПОТ						
12.	TOO «Авиа-Агро»	Шымкент				ВП		ВПОТ						
13.	TOO «Интер-СЛА»	Павлодар				ВП			ВПОТ					
14.	TOO «Восток Авиа»	Өскемен					ВП				ВПОТ			
15.	TOO «АК Навигатор»	Астана				ВП			ВПОТ		ВП			
16.	TOO «Орлан-2000»	Астана			ВП				ВПОТ				ВП	
17.	КГКП «АП ВКО»	Өскемен					ВП		ВПОТ					ВП
18.	TOO «Q-Avia»	Алматы							ВП					

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
19.	АО «Евро-Азия Эйр»	Атырау												ВП
20.	АО «Air Tengri»	Атырау							ВП					
21.	АО «Авиакомпания «Бурундайавиа»	Алматы					ВПОТ			ВП				
22.	АО «Казавиаспас»	Астана		ВП Алматы			ВП Астана		ВПОТ			ВПОТ		ВПОТ
23.	ТОО «САУТС ОЙЛ»	Шымкент									ВП			
24.	АО «KAZ AIR JET»	Алматы								ВП				
25.	ТОО «Жайнар Авиа»	Қостанай				ВП			ВПОТ					
26.	ТОО «North Caspian Aviation»	Қарағанды									ВП			
27.	ТОО «АУТЦ»	Қарағанды				ВП				ВПОТ			ВП	
28.	АО «АК АЭРО»	Ақтөбе			ВП			ВПОТ				ВП		
29.	ТОО «Тараз Жана Алем»	Тараз		ВП						ВПОТ				
30.	ТОО «Беркут Авиа»	Қостанай				ВП		ВПОТ			ВП			
31.	ТОО «DAP AEROSERVICE GROUP»	Тараз							ВПОТ			ВП		
32.	ТОО «Азия Континенталь Авиалайнс»	Алматы				ВП		ВПОТ					ВП	
33.	АО «East Wing»	Алматы												СО
34.	ТОО «ALAMAN AIR»	Алматы								ВП				
35.	ТОО «Samgau Agro»	Шымкент				ВП		ВПОТ			ВП			

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
36.	ТОО «Туран Авиа»	Қостанай				ВП			ВПОТ					
37.	ТОО «AEROSLAV.kz»	Алматы	СО							ВП				

2 Қосымша

Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу (АТТҚКЖЖ) сертификаттық зерттеп-қарау және ішінара тексерулер жүргізу жоспары

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылар, Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі ұйымдар														
1.	АО «QAZAQ AIR»	Астана			ВП									
2.	АО «East Wing»	Алматы					ВП							
3.	ТОО "Авиационная компания летный центр "Тянь-Шань"	Алматы						ВП						
4.	АО «KAZ AIR JET»	Алматы Боралдай										ВП		
5.	АО «Air Astana»	Астана Шымкент Алматы Атырау Ақтау								ВП Шымкент, Астана, Ақтау				
6.	АТЦ ОЮЛ «КАМА»	Алматы Астана Қостанай									ВП			
7.	АО «Казавиаспас»	Боралдай Талдықорған Астана Ақтау Ақтөбе Атырау Қызылорда Павлодар Өскемен Кокшетау Жезказған.				ВП Боралдай Талдықорған, Қызылорда, Тараз, Шымкент				ВП Астана, Павлодар, Кокшетау, Қостанай				ВП Өскемен, Семей Қарағанды, Жезказған

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
		Қостанай, Қарағанды, Тараз, Шымкент, Семей, Орал												
8.	АО «АК «Бурундайавиа»	Алматы Могодишо Ентебе			ВП Могодиш о							ВП Алматы Ентебе		
9.	АО «Авиакомпания Жезказган-Эйр»	Жезказған									ВП			
10.	АО «Fly Jet.kz»	Алматы Астана										ВП		
11.	АО «АРЗ № 405»	Алматы Боралдай Ақтөбе											ВП	
12.	ТОО «КАИ»	Астана		СО										
13.	ТОО «AeroExpert (АэроЭксперт)»	Алматы Бишкек Шымкент Қарағанды		СО										
14.	ТОО «АК «Comlux-KZ»	Алматы Астана		СО										
15.	ТОО «DALA AIR»	Алматы Астана			СО									
16.	ТОО "AeroTechService"	Қарағанды				СО								
17.	ТОО «Airbus Helicopters Kazakhstan Engineering»	Астана					СО							
18.	ТОО «Пьюр Техникс»	Астана								СО				
19.	АО «Prime Aviation»	Алматы Астана Атырау							СО					
20.	ТОО «Авиатехбаза»	Ақтөбе										СО		

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
21.	АО «Air Tengri»	Атырау Алматы											ВП Атырау	
22.	АО «SCAT»	Шымкент Тараз Алматы Ақтау Астана Шарм- Эль-Шейх Санья (Ульяновск)											СО	
23.	РГП «ГАК «Беркут»	Астана												СО
24.	TOO "Kaz Air Maintenance & Support"	Қарағанды Алматы							ВП					
25.	КГКП «АП «ВКО»	Өскемен			ВП									
26.	АО «AP3 № 406»	Ақтөбе					ВП							
27.	TOO «БЕГА ДЖЕТ»	Алматы			СО									
28.	АО «Alpha Sky»	Түркістан Шарджа Дубай Баку						СО						
Авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша шетелдік ұйымдар														
1.	ALTITUDE ENGINEERING LIMITED	Англия	ВП											
2.	KLM ENGINEERING & MAINTENANCE	Индия			ВП									
3.	FALCON AVIATION SERVICES	БАӘ				ВП								
4.	EXECUJET MRO SERVICES MIDDLE EAST FZCO	БАӘ				ВП								
5.	AMAC AEROSPACE SWITZERLAND AG	Швейцария							ВП					

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
6.	ABU DHABI AVIATION	БАӘ				ВП								
7.	AEGEAN TECHNICS	Греция						ВП						
8.	HELISWISS IBERICA S.A.	Испания						ВП						
9.	LEONARDO BELGIUM	Бельгия							ВП					
10.	SABENA AEROSPACE ENGINEERING	Нидерланды							ВП					
11.	AUGSBURG AIR SERVICES GMBH	Германия										ВП		
12.	ACC COLUMBIA	Германия										ВП		
13.	ZIMEX AVIATION	Швейцария							ВП					
14.	TAIKOO (XIAMEN) AIRCRAFT ENGINEERING CO., LTD.	Қытай (Пекин)					ВП							
15.	UAB "J&C AERO"	Литва									ВП			
16.	RHEINLAND AIR SERVICE GMBH	Германия										ВП		
17.	AIRALLIANCE GMBH	Германия										ВП		
18.	«SRILANKAN AIRLINES» LTD	Мальдивы	ВП											
19.	HELI-ONE (NORWAY) AS	Норвегия											ВП	
20.	AVINCIS AVIATION TECHNICS	Испания						ВП						
21.	AMX SUPPORT GMBH	Австрия											ВП	
22.	JET FLIGHT SERVICE	Латвия									ВП			
23.	TARMAC AEROSAVE S.A.S	Франция											ВП	
24.	InterGlobe Aviation Ltd7 (IndiGo)	Индия			ВП									
25.	"Novosibirsk Aviation Repair Plant" JSC	Ресей									ВП			
26.	АО ОКБ «Ростов-Миль»	Ресей									ВП			
27.	Jet Flight Service DWC-LLC	БАӘ				ВП								

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
28.	TOTAL HAVACILIK IC VE DIS TICARET LTD. STI.	Түркия								ВП				
29.	BON AIR HAVACILIK TIC.VE SAN.A.S.	Түркия								ВП				
30.	QATAR AIRWAYS GROUP	Катар				ВП								
31.	FALCON AEROSPACE ARGE A.S.	Түркия								ВП				
32.	VIETSTAR AERO ENGINEERING JOINT STOCK COMPANY	Вьетнам					ВП							
33.	Aircraft Industries,a.s. Kunovice	Чехия									ВП			
34.	UTAIR-ENGINEERING	Ресей									ВП			
35.	CHINA SOUTHERN AIRLINES	Қытай					ВП							

* авиациялық билік органдарымен қадағалау туралы ақпарат алмасу жөнінде келісім бар

3 Қосымша

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізушілерді, сондай-ақ іздестіру-құтқару ұшуды қамтамасыз етуге тартылған күштер мен құралдарды сертификаттық зерттеп-қарау және ішінара тексеру жүргізу жоспары

№	Бөлімшенің атауы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
1.	Филиал «ЮВ РЦ ОВД» РГП «Қазақэроавиация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Алматы								ВП				
2.	Филиал «ЮВ РЦ ОВД» РГП «Қазақэроавиация» (УП «Боралдай») (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Боралдай								ВП				
3.	Филиал «ЮВ РЦ ОВД» РГП «Қазақэроавиация» (УП «Ушарал») (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Үшарал								ВП				
4.	Қызылординский филиал РГП «Қазақэроавиация» (1), (2), (4), (7), (8), (9), (11), (13), (14), (15)	Қызылорда			ВП									
5.	Петропавловский филиал РГП «Қазақэроавиация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15), (16)	Петропавловск		ВП										
6.	ЦА РГП «Қазақэроавиация», в части обеспечения аэронавигационной информацией и медицинского обеспечения (1), (4), (12), (14), (15)	Астана				ВП								
7.	Павлодарский филиал РГП «Қазақэроавиация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15), (16)	Павлодар											ВП	
8.	ТОО «Каспиан Рэйдио Сервисес» (1), (3), (4), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Атырау					ВП							
9.	Департамент по УБПиК РГП «Қазақэроавиация» (4), (14)	Астана					ВП							
10.	Аэродром Балапан, ТОО «Авиационный учебно-тренировочный центр» (1), (2), (6), (7), (12), (13)	Қарағанды									ВП			
11.	Уральский филиал РГП «Қазақэроавиация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Орал						ВП						

№	Бөлімшенің атауы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
12.	Шымкентский филиал РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Шымкент				ВП								
13.	Қостанайский филиал РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Қостанай	ВП											
14.	Карагандинский филиал РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Қарағанды							ВП					
15.	УП «Балхаш» Карагандинского филиала РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Балқаш							ВП					
16.	Улытауский филиал РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Жезказған							ВП					
17.	Өскеменский филиал РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Өскемен									ВП			
18.	УП «Зайсан» Өскеменого филиала РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Зайсан									ВП			
19.	Корпоративный фонд «Kazakhstan Central Asia (Казахстан централ Азия)» на аэродроме «Божбан»	Шымкент										ВП		
20.	Филиал «ЗК РЦ ОВД» РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Ақтөбе										ВП		
21.	Филиал «ЦК РЦ ОВД» РГП «Казаэронавигация» (1), (2), (3), (4), (5),(6), (7), (8), (9), (10), (11), (13), (14), (15)	Астана											ВП	
Проверки сил и средств задействованных в поисково-спасательном обеспечении полетов на территории РК														
22.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Түркістан	ВП											
23.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Атырау		ВП										
24.	Учения координационные по поиску и спасанию (16)	Қызылорда			ВП									
25.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Жезказған				ВП								

№	Бөлімшенің атауы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
26.	Учения координационные по поиску и спасанию (16)	Семей					ВП							
27.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Торғай						ВП						
28.	Учения координационные по поиску и спасанию (16)	Алматы							ВП					
29.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Петропавловск								ВП				
30.	Учения координационные по поиску и спасанию (16)	Ақтау									ВП			
31.	Учения координационные по поиску и спасанию (16)	Балқаш										ВП		
32.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Ақтөбе											ВП	
33.	Учения связные по поиску и спасанию (16)	Өскемен												ВП
34.	ҚР аумағындағы ұшуларды іздестіру-құтқару қамтамасыз етудегі мемлекеттік авиацияның НПС және ЛДГ әзірлігін тексеру (ҚР ҚМ ұшу қауіпсіздігі департаментімен бірлесіп). ҚР Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша және тарту бойынша және ҚР Қорғаныс Министрлігі бекіткен қадағалау жоспарына сәйкес орналасу бойынша.	дислокация бойынша	ҚР Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша және тарту бойынша және ҚР Қорғаныс Министрлігі бекіткен қадағалау жоспарына сәйкес.											
35.	ҚР аумағында ұшуды іздестіру-құтқару қамтамасыз етудегі азаматтық қорғау органдарының күштері мен құралдарын тексеру.	дислокация бойынша	Келісім бойынша және ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің тартуы бойынша.											

Тексеру бағыттары:

- (1) персоналмен қамтылуын тексеру, персоналдың біліктілігі және кәсіби даярлығын ұйымдастыру.
- (2) ӘҚБ АЖ-да ұшу қауіпсіздігіне байланысты хабарламалар мен ескертулердің жұмыс істеуін тексеру, функциялардың іске қосылуына талдау жүргізу.
- (3) РТС объектілерінің жұмыс қабілеттілігін және техникалық жай-күйін тексеру, құжаттаманы жүргізу.
- (4) ҰҚБЖ жұмыс істеуін тексеру.
- (5) емтихан алушылардың біліктілігін тексеру және емтихандар мен тестілеуді өткізуді ұйымдастыру.
- (6) ӘҚК ауысымының жұмысын тексеру (оның ішінде әуе қозғалысы қарқындылығының ең жоғары кезеңдерінде).
- (7) диспетчерлік пункттерді жарактандырудың сәйкестігін тексеру.
- (8) объективті бақылау құралдарының жұмысын, шырын диспетчерінің жұмысын ұйымдастыруды тексеру.
- (9) ПО, ЭРОТОС және МЕТЕО қызметі құжаттамасының толықтығы мен өзектілігін тексеру.

- (10) РТС құралдарын ұшу және жерүсті тексерулерінің орындалуын тексеру
- (11) РТС және МЕТЕО құралдарына техникалық қызмет көрсетудің орындалуын техникалық қызмет көрсетудің орындалуын тексеру, РТС және МЕТЕО құралдарын резервтік электрмен қамтамасыз ету.
- (12) ӘҚҚ қызметін аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етуді тексеру.
- (13) ӘҚҚ қызметінің метеорологиялық қамтамасыз етілуін тексеру.
- (14) анықталған ескертулерді жоюға байланысты өзге де тексерулер.
- (15) сапа менеджменті жүйесін енгізуді тексеру (МЕТЕО, САИ).
- (16) Іздеу және құтқару бойынша үйлестіру (байланыс) оқу-жаттығуларын өткізу.
- (17) медициналық қамтамасыз ету

4 Қосымша

**Қазақстан Республикасының әуежайлары мен әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдаланушыларды
сертификаттық зерттеп-қарау және ішінара тексеру жүргізу жоспары**

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
ӘУЕАЙЛАҚТАР (ӘУЕЖАЙЛАР)														
1.	Аэродром Ұржар	Ұржар					СО							
2.	Аэродром Зайсан	Зайсан								СО				
3.	АО «Аэропорт Өскемен»	Өскемен							ВП А//О/Т/Г/ С/Б/МО					
4.	Аэропорт Балхаш - филиал АО «Авиакомпания Жезказган-Эйр»	Балқаш				СО								
5.	Аэродром Ушарал	Үшарал						СО						
6.	ТОО «Международный аэропорт Кызыл-Жар»	Петропавловск			ВП А/Э/П/ Т/С/Б/ МО									
7.	АО «Международный аэропорт Хиуаз Доспановой»	Атырау									ВП А/Э/П/О/ Т/С/Б/МО			
8.	АО «Международный аэропорт Алия Молдагулова»	Ақтөбе			ВП А/Э/П/ О/Т/Г/С /Б/МО									
9.	АО «Аэропорт Коркыт Ата»	Қызылорда									СО			

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
10.	АО «Авиакомпания Жезказган Эйр»	Жезказған						CO						
11.	АО «Авиакомпания Жетысу»	Талдықорған						CO						
12.	АО «Международный аэропорт Қостанай»	Қостанай										CO		
13.	АО «Аэропорт Шымкент»	Шымкент				CO								
14.	ТОО «Международный аэропорт Орал»	Орал											ВП А/Э/П/О/ Т/С/Б/МО	
15.	АО «Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев»	Астана					ВП А/Э/П/О/ Г/МО							ВП А/Т/С/ Б/
16.	АО «Международный аэропорт Алматы»	Алматы		ВП А/Э/П/ С/Б						ВП А/Т/Г/О/ МО				
17.	АО «Аэропорт Павлодар»**	Павлодар										CO		
18.	АО «Международный аэропорт Аулис-Ата»	Тараз		ВП А/Э/П/ Т/С/Б										
19.	АО «Международный аэропорт Ақтау»	Ақтау								CO				
20.	Филиал АО «Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев» - «Аэропорт Кокшетау»	Көкшетау							CO					
21.	Аэродром Божбан	Шымкент									CO			

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
ТІКҰШАҚ АЙЛАҚТАРЫ														
22.	ТОО «Каспиан Рэйдо Сервис» (Caspian Radio services) «БРД «Карлыгаш»*	Атырау					СО							
23.	ТОО «Каспиан Рэйдо Сервис» (Caspian Radio services) «БРД «D Island»*	Атырау								СО				

Ескерту:

СО – сертификаттау тексерісі

ВП – іріктеп тексеру

А – ұшуларды аэродромдық қамтамасыз ету

А (км) – аэродромның қысқы күтімі

Э – ұшуларды электр-светотехникалық қамтамасыз ету

П – ұшуларды апаттық-құтқару қамтамасыз ету

Г – азаматтық әуе кемелерін, әуежай нысандары мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету

О – азаматтық әуе кемелерінің ұшуларына құстар мен басқа да жануарлар тудыратын қауіптерді басқару

Т – азаматтық әуе кемелері пайдаланушыларын және басқа тұтынушыларды арнайы автокөлік құралдарымен және жабдықтармен қамтамасыз ету

С – ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (ҰҚБЖ)

Б – ұшу-қону жолағындағы операциялар қауіпсіздігі

МО – ұшуларды медициналық қамтамасыз ету

*- тікұшақ айлағын сертификаттау мерзімін тікұшақ айлағы пайдаланушысының өтініші бойынша өзгерту мүмкін

**- аэродромды сертификаттау мерзімін аэродром пайдаланушысының өтініші бойынша өзгерту мүмкін

5 Қосымша

Авиациялық оқу орталықтары мен тестілеу ұйымдары, сондай-ақ тренажер құрылғыларын бағалауды
сертификаттық зерттеп-қарау және ішінара тексеру жүргізу жоспары

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
1.	АО «Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев»	Астана					ВП							
2.	ТОО «Skyworker Academy»	Астана	ВП											
3.	ТОО «Aerial Solutions»	Астана	ВП											
4.	ТОО «Республиканский центр подготовки и квалификации служб безопасности и досмотра»	Астана			СО									
5.	АО «QAZAQ AIR»	Астана				СО		СО РОД						
6.	ТОО «Эйрбас Хеликоптерс Казахстан Инжиниринг»	Астана	ОТ						ВП					
7.	РГП на ПХВ «Казэронавигация»	Алматы				ВП; ТО - 2			СО РОД			СО		
8.	ОЮЛ «Казахстанская ассоциация малой авиации»	Алматы		ВП										СО РОД
9.	АО «Международный аэропорт Алматы»	Алматы				СО РОД							СО	
10.	АО «Air Astana»	Алматы			ВП; ТО					СО РОД				
11.	АО «Академия гражданской авиации»	Алматы		ОТ, СО РОД		ТО		ВП			СО РОД	ОТ - 2		СО
12.	ТОО «Swan Aviation»	Алматы	СО						СО РОД		ВП; ТО			
13.	АО «Казавиаспас»	Алматы	ВП		СО РОД						ВП			

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
14.	ТОО «BEI.Electro»	Алматы			СО РОД			СО						ВП
15.	ТОО «Aviator.KZ»	Алматы	ВП					СО						ВП
16.	АО «Международный аэропорт Ақтау»	Ақтау		ВП						СО				
17.	ТОО «Авиационный Учебно-Тренировочный Центр»	Қарағанды		ВП; ОТ		СО РОД					СО			ВП
18.	АО «Авиакомпания «SCAT»	Шымкент		СО РОД		ВП; ТО - 2							ВП	
19.	ТОО «Caspian Radio Service»	Атырау				ВП					СО			
20.	ТОО «CASL»	Атырау								СО				
21.	ТОО «ASTC Global»	Атырау	СО РОД					СО						ВП
22.	ТОО «Стандарт Транзит»	Атырау					СО РОД					ВП		
23.	ТОО «Nimbus»	Орал							СО					

СО – сертификаттау тексерісі

СО РОД – қолданылу аясын кеңейту бойынша сертификаттау тексерісі

ВП – іріктеп тексеру

ОТ – жаттықтырғышты бағалау

ТО – тестілеуші ұйым

6 Қосымша

**Авиациялық медициналық орталықтар, авиациялық медициналық сарапшыларды
сертификаттық зерттеп-қарау және ішінара тексеру жүргізу жоспары**

№	Пайдаланушы	Орналасқа н жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
Авиациялық медициналық орталықтар														
1.	АМЦ г. Астана	Астана											ВП	
2.	АМЦ г. Алматы	Алматы								СО				
Авиациялық медициналық сарапшылар (бұдан әрі - АМС)														
3.	АМС № 20 (Оразева Л.К.)	Алматы		ВП										
4.	АМС № 10 (Османова М.С.)	Алматы		ВП										
5.	АМС № 18 (Калгимбаева О.Г.)	Алматы				ВП								
6.	АМС № 19 (Нургалиева Р.В.)	Алматы								ВП				
7.	АМС №9 (Надырова А.О.)	Алматы									ВП			
8.	АМС № 13 (Чигирбаева С.М.)	Алматы												ВП
9.	АМС № 14 (Капбасова Ж.М.)	Астана										СО		
10.	АМС № 15 (Бекмухамбетова К.А.)	Астана										СО		
11.	АМС № 16 (Валянская Е.Ю.)	Астана	ВП											
12.	Назначение АМС (в течение года по заявке)	Алматы			СО			СО					СО	

7 Қосымша

Әуежайлар (аэродромдар) пайдаланушыларының авиациялық қауіпсіздік қызметтерін сертификаттау тексерістерін өткізу жөніндегі
жоспар

№	Пайдаланушы	Орналасқан жері	Тексеру жүргізу жоспарланып отырған ай											
			қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
1.	АО «Аэропорт Шымкент»	Шымкент											СО	
2.	АО «Международный аэропорт «Қостанай»	Қостанай	СО											
3.	АО «Международный аэропорт Хиуаз Доспановой»	Атырау		СО										
4.	АО «Международный аэропорт Ақтау»	Ақтау								СО				
5.	Аэродром Зайсан	Зайсан			СО									
6.	Аэродром г.Киндерли	Кендірлі			СО									
7.	Аэродром Катон-Қарағай	Қатон-Қарағай			СО									
8.	Аэропорт Балхаш - филиал АО «Авиакомпания Жезказган-Эйр»	Балқаш					СО							
9.	ТОО «Международный аэропорт Семей»	Семей						СО						
10.	Аэропорт г. Ұржар	Ұржар						СО						
11.	АО «Международный аэропорт Алматы»	Алматы							СО					
12.	Филиал АО «Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев» - «Аэропорт Кокшетау»	Көкшетау							СО					
13.	Аэропорт г. Аркалык	Аркалык							СО					
14.	АО «Аэропорт Павлодар»	Павлодар									СО			
15.	АО «Авиакомпания Жезказган Эйр»	Жезказган											СО	